



EGEMEN QAZAQSTAN

Жүз жылдық жылнама

№18 (29747) 28 ҚАҢТАР, СЕЙСЕНБІ 2020 ЖЫЛ

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

Өзара сенімге негізделген ынтымақтастық

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Араб Әмірліктеріне жасаған ресми сапары барысында Әбу-Дабидің тақ мұрагері шейх Мұхаммед бен Заид әл Нахаянмен келіссөз жүргізді.

Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan» –
Әбу-Дабиден (Біріккен
Араб Әмірліктері)

«Әл-Уатан» сарайында өткен ресми кездесуде Президент Қ.Тоқаевты шейх Мұхаммед бен Заид әл Нахаян қарсы алды. Содан кейін екі мемлекеттің Әнұрандары орындалды.

Келесі кезекте Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев пен БАӘ тақ мұрагері шейх Мұхаммед бен Заид әл Нахаян бірлескен суретке түсіп, делегация мүшелерін өзара таныстырды. Салтанатты рәсімнен кейін Президент Құрметті қонақтар кітабына естелік қолтаңбасын қалдырды.

«Еліңіз бен «Әл-Уатан» сарайындағы жылы қабылдауыңыз үшін шынайы алғысымды білдіремін. Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірліктерінің достығы мен бауырластық қарым-қатынастары нығая берсін. Әмірліктер халқының ырысы мен берекесі баянды болуына тілектеспін!

Ізгі ниетпен, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев», делінген Құрметті қонақтар кітабында жазылған тілекте.

Бұдан соң мемлекеттер басшылары екіжақты келіссөздер өткізді. Мәртебелі мейманды құрметпен қарсы алған шейх Мұхаммед бен Заид әл Нахаян сөз алып, осы сапары үшін Қ.Тоқаевқа алғыс білдірді.

«Жоғары мәртебелі Президент мырза. Елімізге, Біріккен Араб Әмірліктері аумағына қош келдіңіз. Біріккен Араб Әмірліктері президенті шейх Халифа ибн Заид әл Нахаянның Сізге жолдаған ыстық ықыласты лебізін білдіргім келеді. Әмірліктердің басшысы сапарыңызға зор табыс тілейді», деді мұрагер ханзада.

Сонымен қатар шейх Мұхаммед бен Заид Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа да ел Президентінің сәлемін жеткізді.

«Әмірліктердің Президенті және менің ыстық сәлемімді жаңа Қазақстанның негізін қалаушы, жақын досым, жоғары мәртебелі Нұрсұлтан Назарбаевқа жеткізуді сұраймын. Әмірліктердің негізін қалаушы шейх Заид бен Сұлтан әл Нахаянмен өте жақын қарым-қатынаста болды. Екі ел арасындағы байланысты нығайтуға, кеңейтуге зор үлес қосты. Қазіргі уақытта өзара



Сурет Президенттің баспасөз қызметінен алынды

қарым-қатынастарымыз өте жоғары деңгейде деп айта аламыз», деді шейх Мұхаммед бен Заид.

Осы орайда, мына нәрсені айта кеткен жөн. Қазіргі таңда Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті – шейх Халифа бен Заид әл Нахаян. Алайда оның денсаулығы нашарлауына байланысты, мәртебелі меймандарды күтіп алу, Әбу-Дабидің күнделікті тіршілігіне қажетті шешім қабылдау секілді маңызды жұмыстарды атқару Әбу-Дабидің

тақ мұрагері, БАӘ-нің негізін қалаушы шейх Заид бен Сұлтан әл-Нахаянның үшінші баласы шейх Мұхаммед бен Заидке жүктелген.

Сондай-ақ шейх Мұхаммед бен Заид Қазақстанмен ықпалдастықты дамытудың маңызына тоқталып, өзара әріптестіктің соны тұстарын атап көрсетті.

«Біз Біріккен Араб Әмірліктері Қазақстанмен ықпалдастықты дамытуға ерекше маңыз береміз. Екі ел арасындағы ынтымақтастықтың барлық

бағыты мен мүмкіндігі мол. Осы ретте, 2019 жылғы қыркүйекте Әбу-Дабиде өткен Қазақстан мен Әмірліктердің үкіметаралық комиссиясының жұмысы нәтижелі аяқталды. Кейінгі жылдары Қазақстан мен Әмірліктер арасындағы сауда айналымы өсіп келеді. Әмірліктер Қазақстанның араб әлеміндегі тауар айналымы бойынша ең бірінші сауда әріптесі саналады. Қазақстан Әмірліктер инвестициясын тарту бойынша Орталық Азия елдері

ішінде негізгі елге айналды», деді тақ мұрагері.

Шейх Мұхаммед бен Заид өз елінің тұңғыш ғарышкері аспан әлеміне қазақ даласынан ұшқанына ерекше екпін берді. Естеріңізде болса, былтыр Біріккен Араб Әмірліктерінің тұңғыш ғарышкері Хаззаа Әли әл-Мансури заңғар көкке «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ұшқаны есімізде. Жерге аман-есен оралған әл-Мансуриді алғаш құшағында аялаған да Сарыарқаның сайын даласы екенін арабтар әлі күнге тамсана әңгімелейді.

«Осы ретте жоғары мәртебелі екі ел арасындағы ғарыш саласындағы ынтымақтастықты ерекше атап өткім келеді. Өткен жылы Әмірліктердің тұңғыш ғарышкері Қазақстандағы Байқоңыр ғарыш айлағынан Халықаралық ғарыш орталығына аттанды», деді шейх Мұхаммед бен Заид.

Бұдан кейін аймақтағы ахуалдың қазіргі жағдайына тоқталып, Әмірліктердің негізгі саясаты аймақтағы мәселелерді бейбіт жолмен шешу, толеранттылықты нығайту, халықаралық аренада өзара бейбітшілікте өмір сүру екенін атап өтті.

«Әмірліктер мен Қазақстан Республикасы Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы шеңберінде тығыз әріптестік орнатты. Екі ел осы ұйымның беделін арттыру бойынша бірлесіп жұмыс атқарады.

(Соңы 2-бетте)

Ел әлеуетін арттыруға бағытталған келіссөздер

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Араб Әмірліктеріне сапары барысында елдегі бизнес өкілдерімен кездесіп, Қазақстанда қалыптасқан тиімді инвестициялық жағдай туралы әңгімелеп берді.

Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan» –
Әбу-Дабиден (Біріккен
Араб Әмірліктері)

Мемлекет басшысы Біріккен Араб Әмірліктеріне сапары аясында Abu Dhabi National Oil Company (ADNOC) мұнай компаниясының бас директоры Сұлтан Ахмед әл Джабермен кездесу өткізді.

ADNOC компаниясы – Біріккен Араб Әмірліктеріндегі мұнай мен газ өндіретін жетекші, ал әлем бойынша төртінші орын алатын кәсіпорын. Оның мұнай қоры шамамен 100 миллиард баррельге тең. Кәсіпорын күніне 2,4 миллион баррельге дейін мұнай өндіреді.

Кездесу барысында тараптар әлемдік нарықтағы мұнай мен газ өндірісі жөнінде пікір алмасты, аталған саланың Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірліктері экономикасының негізін құрайтынына тоқталды.

Мемлекет басшысы еліміздің мұнай-газ саласы бойынша көмірсутектерін терең өңдеуге басымдық беріп отырғанын, осыған байланысты Қазақстанда мұнай-химия саласындағы жобаларды дамытуға қолайлы жағдай жасалғанын атап өтті.

«Қазақстанда мұнай-химия саласы дамып келеді. Алдағы уақытта сіздің компаниямен аталған бағыт бойынша бірлесіп жұмыс істеуге ниеттіміз», деді Мемлекет басшысы.

Кейінгі бірнеше жылда ADNOC компаниясы қызмет көрсету аясын ұлғайтып, бәсекеге қабілетін арттырып, әлемдегі негізгі мұнай өндіретін компанияға айналып үлгерді.

Бұдан кейін Қазақстан Президенті Al Nowais Investments компаниясының басқарма төрағасы Хуссейн әл Новейспен кездесті.

Біріккен Араб Әмірліктерінде ғана емес, Таяу Шығыс аймағындағы ең ірі инвестициялық ұйым саналатын Al Nowais Investments – көпсалалы бизнес жүргізіп отырған компания. Оның жылдық айналымы 1 миллиард доллардан асады.

Хуссейн әл Новейс Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа өнеркәсіп, энергетика, инфрақұрылым, денсаулық сақтау және тағы да басқа салалар бойынша атқарып жатқан жұмыстары жайлы мағлұмат берді.

Мемлекет басшысы Қазақстанның жаңартылған энергия көздеріне инвестиция салып, аталған саланы ілгерілету үшін 2013 жылдан бері елді жасыл экономикаға өткізу Тұжырымдамасы жүзеге асырылып жатқаны туралы айтты. Сондай-ақ елімізде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік бойынша көптеген жобаның қолға алынғанын, 2025 жылға дейін Денсаулық сақтау саласын дамыту бағдарламасы қабылданып, іске асырылып жатқанын атап өтті.

Мемлекет басшысы Aldar Properties компаниясы Директорлар кеңесінің төрағасы Мұхаммед әл Мубаракпен кездесу өткізді.

Мұхаммед әл Мубарак Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа аталған компанияның іске асырып жатқан Abu Dhabi Plaza жобасының қазіргі жағдайы, Нұр-Сұлтан қаласындағы



көпфункционалды кешеннің құрылысын белгіленген уақытта аяқтау үшін атқарылып жатқан қосымша жұмыстар туралы баяндады.

Қазақстан Президенті еліміздегі ең ірі құрылыс нысандарының бірі саналатын жобаның уақтылы аяқталып, халық игілігіне берілетініне сенім білдірді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы әңгімелесу барысында туризм индустриясындағы ынтымақтастықтың әлеуетіне назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда басымдыққа ие он туристік бағыттың анықталғанын атап өтіп, оларды әлемдік деңгейдегі барлық қажетті туристік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жоспарлап отырғанын айтты. Оның айтуынша, аталған салаға мемлекеттік қолдау көрсету шаралары, соның ішінде салықты жеңілдіктер, базалық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде.

Қазақстан Президенті Abu Dhabi Global Market (ADGM) еркін экономикалық аймағы Директорлар кеңесінің төрағасы, Мемлекеттік министр Ахмед Әли әл Сайихпен кездесу өткізді.

Кездесуде тараптар Әбу Дабиден еркін экономикалық аймағының «Астана» халықаралық қаржы орталығымен бірлескен жобаларының жүзеге асырылуы жайында әңгімелесті. Ахмед Әли әл Сайихтың айтуынша, өзара ынтымақтастықты дамыту жөнінде нақты жоспарлары бар.

Мемлекет басшысы Abu Dhabi Global Market еркін экономикалық аймағының елімізде атқарып жатқан жұмысына ризашылық білдіріп, қаржы нарығын реттеу саласындағы ықпалдастықты нығайтуға ниетті екенін атап өтті.

Екіжақты келіссөздер аяқталған соң Мемлекет басшысы Біріккен Араб Әмірліктерінің бизнес өкілдерімен дөңгелек үстел өткізді. Жиын барысында Қ.Тоқаев Қазақстанның экономикалық және инвестициялық әлеуетіне кеңінен тоқталды.

«Елдеріміздің көптеген бағыт пен қарым-қатынастарындағы ынтымақтастық үлгіге айналғаны анық. Әмірліктер – осы аймақтағы маңызды әріптесіміз. 2019 жылғы қаңтар мен қараша айлары аралығында тауар айналымы алдыңғы жылғы сол мерзіммен салыстырғанда 10 пайызға өсіп, 500 миллион долларды құрады. Әлі де мұны ілгерілетуіміз керек. БАӘ-нің Қазақстанға салған тікелей инвестиция көлемі 2,1 миллиард долларға жетті. Ал Қазақстанның Әмірліктерге құйған қаржысы 1 миллиард долларды

құрайды. Қазақстанда БАӘ-нің 350 кәсіпорны сәтті жұмыс істеп келеді. Біз құны 11 миллиард долларды құрайтын инвестициялық ортақ жобаларды жүзеге асыруды көздейміз», деді Қ.Тоқаев.

Мемлекет басшысы екі ел арасындағы туристік саланың бағытына да тоқталды. Мәселен, Біріккен Араб Әмірліктері Қазақстан туристері ең жиі баратын 5 мемлекеттің қатарына кіреді. Жыл сайын 100 мыңға жуық қазақстандық осы елге келеді.

«Қазақстан – БАӘ секілді минералды ресурстар жөнінен әлемдегі көшбасшы елдердің бірі. Геологиялық тұрғыдан алып қарағанда, ел аумағының 25 пайызы ғана зерттелген. Қазақстанда жанармайға шаққанда болжамды құны 130 миллиард тонна болатын 15 шөгінді алап бар. Алтын, қорғасын, мырыш, темір, марганец кен-орындарының өте көп екеніне қарамастан, әлі де зерттелмеген жер қойнауы байлығы жетерлік», деді Мемлекет басшысы.

Президент осыған байланысты жер қойнауын пайдалану жөніндегі кодекске өзгерістер енгізіліп, әкімшілік рәсімдер жеңілдетілгенін жеткізді. Еліміздің мұндай қадамы инвестициялық ахуалды бағамдайтын халықаралық сарапшылар тарапынан жоғары баға алды. Мәселен, Инвестициялық тартымдылықты анықтайтын Фрейзер институтының тизімінде Қазақстан 24-орынға жайғасқан.

«Қаржылық және адам капиталы жөніндегі тәжірибелерін, білімін ескере отырып, Қазақстандағы жер қойнауын зерттеуге Біріккен Араб Әмірліктері компаниялары атсалысады деп үміттенемін. Еліміздің мұнай-газ саласын әртарапандыруға

мүмкіндігіміз мол әрі осы саладағы қарым-қабілетіміз орасан. Мұнайға бай Атырау облысында мұнай-газ саласына бейімделген Арнайы экономикалық аймақ бар. Салық жеңілдіктері, инфрақұрылым салу, ұзақ мерзімге мұнай мен газ жеткізу арқылы қолайлы жағдай жасалды. Халықаралық стандарттарды инфрақұрылымды салу барысында, кәсіпорын құрылысына тікелей қолдану жобалар құнын 10 пайызға төмендетуге мүмкіндік береді. Қазіргі таңда Қазақстанның батысында полиэтилен өндіретін, құны 6,6 миллиард доллар болатын мұнай-химия зауытын салу бойынша Mubadala Investment компаниясымен келіссөздер жүргізіп жатырмыз. Ортақ жобамыз өнеркәсіптік даму мен өңдеу өнеркәсібіне ерекше көңіл бөліп отырғанымызды көрсетеді», деді Қ.Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы саласындағы әріптестікті дамытудың мүмкіндігіне кеңінен тоқталды. Мәселен, Біріккен Араб Әмірліктері тұтынатын тауарларының 85 пайызын сырттан әкеледі. Осыған байланысты таяуда елде 2051 жылға дейінгі тұтыну тауарлары қауіпсіздігі жөніндегі ұлттық стратегия қабылданған. Соған сәйкес ауыл шаруашылығы саласындағы сауда-саттықты дамытып, тұтыну өнімдерін шығаруға арналған тәсілдерді жетілдіру қарастырылған.

«Осы тұрғыдан қарағанда Қазақстан аумақтық жағынан да, технологиялық, логистикалық әлеуеті жағынан да Әмірліктерге органикалық, қауіпсіз әрі сапалы өнім жеткізуге қабілетті. Біз Әмірліктердің компанияларын өз елінде тұтынатын азық-түлік

өнімдерін шығаруға инвестиция салуға шақырамыз. Елдеріңіздегі тұтыну нарығының 12 пайызға өскенін ескере отырып, Қазақстаннан жеткізілетін азық-түліктердің көлемін ұзақ мерзімге арттыруды көздейміз. Тамақ қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымының Нұр-Сұлтанда орналасқан ескерсек, бұған әлеуетіміз толықтай жетеді», деді Қ.Тоқаев.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін шығаруға кеңінен тоқталған Президент халал тауарлар туралы да жан-жақты әңгімелеп берді. Осыған байланысты елдер арасында аталған салада тығыз қарым-қатынас орнатып, өзара тәжірибе бөлісуді жолға қоюдың маңызын атап өтті. Алда-жалда бұл бағыттағы жұмыстар жемісін беріп жатса, Әмірліктер Қазақстан өнімдерін Парсы шығанағында тарту орталығына айналмақ.

Сондай-ақ жиын барысында туризм саласының әлеуеті де сөз болды. Мемлекет басшысы Қазақстанның ауқымы бойынша әлемде 9-орында екенін еске салып, елде шөл де, тау да кездесетінін айтты.

«Қазақстанға ағылған туристер саны жылдан-жылға артып келеді. Туризм – экономиканы әртарапандырып, жаңа жұмыс орнын ашуда маңызға ие. Еліміздің Үкіметі туристерді қызықтыратын 10 мекеннің егжей-тегжейлі жоспарын әзірледі. Аталған бағытты дамытуға толықтай дайынбыз. Біріккен Араб Әмірліктері жаһандық туристік нарықтағы көп жылдан бері көшбасшыға айналған. Компанияларыңыз осы салада тәжірибелі әрі әлеуетті. Сондықтан Қазақстандағы туристік жерлерді бірлесе дамытып, өркендетуге шақырамын», деді Президент.

Мемлекет басшысы ортақ жобаларды жүзеге асырудың келесі бағыты ретінде қаржы саласындағы ынтымақтастықты атап көрсетті. Әсіресе АХҚО және Әмірліктердің ірі қаржы институттары арасындағы байланысты дамытудың маңызы зор.

«Орталық Азия аймағында ислам қаржы қызметін көрсететін орталыққа айналу үшін АХҚО-ның әлеуетін үнемі арттырып отырамыз. Сонымен қатар АХҚО-да ұлттық мұнай-газ компаниялары, темір жол компаниялары және телекоммуникация компаниялары сияқты мемлекеттің стратегиялық активтері IPO-ға шығарылады. Әбу-Дабиден инвестициялық департаменті мен Mubadala Investment компаниясының кешелендіру бағдарламасына қатысуға шақырамыз», деді Қ.Тоқаев.

Қазақстан мен Әмірліктер табиғи ресурстарға үлкен мән беретіні, баламалы және жанартылатын энергия көздеріне ерекше назар аударатыны белгілі. Мұны атап көрсеткен Мемлекет басшысы Қазақстанда өткен ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінің басты тақырыбы болашақтың энергиясы болғанын тілге тиек етті.

«Стратегиялық тұрғыдан алғанда, біздің мақсатымыз – 2030 жылы электр энергиясын өндіру саласында жаңартылатын энергия көзінің үлесін 10 пайызға дейін арттыру. Қазақстанның жел энергиясын өндірудің әлеуеті жылына 920 миллиард кВт-ны құрайды. Бұл – Қазақстандағы электр энергиясын өндірудің жылдық көлемінен 9 есе жоғары. Бізде жаңғыртылатын энергетика саласындағы жақсы стандарттар бар. Инвесторларға инфляция қарқынын және айырбастау бағамын ескере отырып, 15 жыл бойы қолдау көрсетуге әзірміз», деді Қ.Тоқаев.

Сондай-ақ іскерлік және инвестициялық ахуалды жақсарту үшін маңызды қадамдар жасалып жатқанын мәлімдеді. Соның нәтижесінде, Дүниежүзілік банктің және Doing Business рейтингінде Қазақстан 25-орында тұр. Дөңгелек үстел барысында ЭЫДҰ елдері деңгейіне жету үшін заңдар мен нормативтік актілердің стандарттарын жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілетініне тоқталды.

Сөз соңында Қ.Тоқаев Біріккен Араб Әмірліктерінің кәсіпкерлерін елордада салынып жатқан Әбу-Дабиден Плаза ғимаратының ашылу салтанатына шақырып, биыл Дубайда өтетін ЭКСПО-2020 көрмесіне сәттілік тіледі.

Бұдан кейін дөңгелек үстелге қатысушылар сөз сөйлеп, пікірлерін білдірді. Әмірліктер тарапынан Abu Dhabi Global Market компаниясының төрағасы Ахмед Әли әл Сайих сөз бастап, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа ыстық ықыласын білдіріп, инвестиция тартудағы қарымын жоғары бағалады. Өз кезегінде LuLu group компаниясының негізін қалаушы Юсуф Әли екі ел арасындағы ынтымақтастықтың нығайып келе жатқанын айта келіп, көптеген салада әріптестік орнатуға мүмкіндік мол деп баға берді.

Дөңгелек үстелдің негізгі бөлігі аяқталған соң жиынға қатысушы кәсіпкерлер Қазақстанға қатысты жоспарларымен бөлісіп, Президентке көкейлеріндегі сұрақтарын қойды.

Іс-шара аяқталған соң Қ.Тоқаев «Уахат әл-Қарама» мемориалына гүл шоқтарын қойды. Бұдан кейін шейх Зайд мешітіне барып, Құран оқытып, Құрметті қонақтар кітабына естелік тілегін қалдырды.



Суреттер Президенттің баспасөз қызметінен алынды

Өзара сенімге негізделген ынтымақтастық

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақстанның Ислам әлеміндегі орны ерекше. Жоғары мәртебелі Президент мырза! Елімізге хош келдініз. Осы сапарыңыз екі ел арасындағы ынтымақтастықты жоғары деңгейге көтеретініне кәміл сенемін», деп сөзін түйіндеді тақ мұрагері.

Осыдан кейін Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев сөз алып, қонақжайлық көрсеткені үшін алғысын білдірді.

«Бұл менің Президент ретінде араб әлеміне тұңғыш сапарым. Сондықтан, бұл сапар Қазақстанның Сіздің елге үлкен мән беріп отырғанын аңғартады. Осы мүмкіндікті пайдаланып, Сізге

Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұр-Сұлтан Назарбаевтың ыстық лебізін жеткізім келеді. Шын мәнінде, екі елдің арасындағы қарым-қатынастың арқасында көптеген жетістіктерге қол жеткіздік», деді Мемлекет басшысы.

Қ.Тоқаев әріптесінің сөзімен келесінін айта отырып, екі елдің байланысы шынайы достық, өзара түсіністік пен сенімге негізделгеніне жеткізді.

«Екі ел арасындағы қарым-қатынастар тарихының тамыры терең. Бізді шынайы достық, өзара сенім мен түсіністік байланыстырады. Сондықтан қарым-қатынастарымыздың келешегі зор. Менің сапарымның негізгі мақсаты

– екі мемлекеттің ынтымақтастығына тын серпін беру. Біз үлкен жетістіктерге қол жеткіздік, бірақ бір орында тоқтап қалуға болмайды. Алға жылжуымыз керек. Мен осы сапарға ерекше мән беремін және үлкен үмітпен қараймын», деді Президент.

Келесі жылы Әмірліктердің құрылғанына 50 жыл толмақ, Ал Қазақстан 2021 жылы Тәуелсіздіктің 30 жылдығын атап өтеді. Осыны еске түсірген Мемлекет басшысы бұл Қазақстан үшін аса маңызды тарихи меже деп мәлімдеді.

«Дипломатиялық қатынастар орнаған 28 жылда Нұр-Сұлтан мен Әбу-Дабиден көпқырлы ынтымақтастықты нығайтып, мазмұнды әрі ашық саяси

диалог қалыптастырды. Әсіресе сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстарымыз қарқынды дамып келеді. Екі ел кәсіпкерлері белсенді жұмыс істеуде. Бүгінгі таңда 350-ге жуық бірлескен кәсіпорын құрылды. Мысалы, елордамыз Нұр-Сұлтан қаласында салынып жатқан Әбу-Дабиден Плаза кешені – осындай табысты байланыстардың жарқын көрінісі», деді Қ.Тоқаев.

Кездесу барысында мұнай-химия, ауыл шаруашылығы, көлік-логистика, қаржы және инвестиция салаларындағы өзара іс-қимылдар мен ынтымақтастық мәселелері қарастырылды. Екіжақты кездесу аяқталғаннан кейін, келіссөздер

қорытындысы бойынша бірқатар мемлекетаралық келісімге қол қойылды.

Атап айтсақ, Қазақстан Энергетика министрлігі мен БАӘ Энергетика және өнеркәсіп министрлігі арасында Мұнай-химия өнеркәсібі саласындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумға, Қазақстан Сауда және интеграция министрлігі мен БАӘ экономика министрлігі арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға, «Астана» халықаралық қаржы орталығының Қаржылық қызмет көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті мен БАӘ Орталық банкі арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.